ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 2 қараша № 4360-23-00-2/2528 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Сансызбаева А.М., оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Аида Мейирбековна» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Аида Мейирбековна Мухатова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер «Аида Мейирбековна» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Аида Мейирбековна Мухатованы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Аида Мейирбековна» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Аида Мейирбековна Мухатова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Аида Мейирбековна» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Аида Мейирбековна Мухатовадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Сансызбаева А.М.**

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 02.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 20.12.2023, судья Елшібеков Б. Е., 21.12.2023

4360-23-3-1/2697